

خوارزمي

محبت نامه

موني كيم عشق بير لا بير او قو غاي  
حقيقت عالميني مونده بولغاي.

ايتقان بو كتاب ني هم بيت گاي.  
تيلار مين كيم دعادا ياد قيلغاي.

ХАРАЗМИ

МАХАББАТНАМА

(мантӣ, транскрипция)

Ўзбекистон  
2010

**ХАРАЗМИ**

***МАҲАББАТНАМА***

*(мәтін, транскрипция)*

Түркістан  
2010



УДК 821.0  
ББК 83.3  
Х-20

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркология ғылыми-зерттеу институты

Редакциялық алқа: Л.Ташимов, Р.Бердібай, М.Накип, Қ.Ергөбек,  
Т.Раимбердиев, Д.Кенжетай, Т.Ағдарбеков, Б.Мырзалиев, Ж.Шалхарова,  
К.Беркімбаев, Р.Тәукебаева

Баспаға дайындаған: Т.Қыдыр,  
филология ғылымдарының кандидаты

Пікір жазған: Ә.Керім,  
филология ғылымдарының кандидаты

Х-20  
Х.Харазми. Махаббатнама (мәтін, транскрипция). Түркістан: «Тұран»  
баспаханасы, 2010. 96 бет.

ISBN 978-601-243-275-6

Бұл кітапқа XIV ғасырда өмір сүрген түркі шайыры Харазми «Махаббатнамасының» асыл нұсқа бойынша терілген мәтіні, сондай-ақ латын графикасы негізінде жасалған транскрипциясы енгізіліп отыр. Ондағы мақсат – шығарманың өзге таңбалармен жеткізе алмайтын көркемдік ерекшелігі мен сол дәуірдің әдеби тынысын толық сақтау, сонымен бірге орта ғасырлық түркі жазба жәдігерлерін түпнұсқада оқитын жас түркітанушылардың қалыптасуына ықпал ету.

Кітап түркі жазба әдебиетін зерттеуші жас түркологтар мен ізденушілерге, ЖОО филология, түркология және шығыстану факультеттерінде оқитын студенттерге, сонымен қатар түркі жазба мұрасына қызығушы барша оқырмандарға арналған.

УДК 821.0  
ББК 83.3

© А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010

ISBN 978-601-243-275-6

## АНДАТПА

Түркі халықтарының бай рухани мұрасын насихаттау мақсатында бірнеше кітаптан тұратын «Түркі классикалық поэзиясы» («Түркі мұмтаз назмь») сериясы қолға алынып отыр.

Бұл бастаманың өзге көптомдықтардан басты айырмашылығы – әдеби шығармалардың асыл нұсқаға ғана тән, өзге таңбалармен жеткізіп болмайтын жанрлық және көркемдік ерекшелігін (әдеби өрнектер мен шайырлық шеберлікті) жоғалтпастан, бар құндылығымен кейінгі ұрпаққа жеткізу болғандықтан, шығарма дүниеге келген графикада қайта жарыққа шығару. Сондай-ақ, кітап барша түркі жұртының оқырмандарына арналғандықтан түркі халықтарының әртүрлі әліппені ұстанатындығын ескере келіп, асыл мәтінмен бірге латын графикасы негізіндегі транскрипциясы (шығарманы транскрипциялауда 1993 жылы Түркияда қабылданған ортақ түркі әліппесі алынып отыр) да қоса жарияланып отыр. Орта ғасырлық түркі жазба жәдігерлерінің біздің заманымызға дейін жеткен нұсқаларының ішінен толық әрі сенімді нұсқасын бүгінгі күн тұрғысынан қайта жариялау арқылы жас түркітанушылардың қалыптасуына оң ықпал ету де бұл топтаманы шығарудағы басты міндеттердің бірі. Себебі осы күндері ЖОО филология, шығыстану және түркология факультеттерінде мәтінтану, ежелгі және орта ғасырлық қазақ әдебиеті, түркі халықтарының жазба мұрасы, әдебиет тарихы секілді негізгі пән ретінде жүретін дәрістерде шығарманың асыл мәтіні емес, қайта аудармасы ғана оқытылып келеді. Аударма қаншалықты сәтті шықты дегенімен де, шығарманың бар құндылығын толық жеткізіп бере алмасы айдан анық. Мәселе көркем шығарма туралы өрбігенде түпнұсқаның құндылығы тіптен арта түспек. Ал, орта ғасырлық әдеби жәдігерлердегі әдеби өрнектер мен шайырлық шеберліктерді тәржіма арқылы жеткізу тіптен мүмкін емес. Сол дәуірлерде кеңінен қолданылған кейбір жанрларды өзге тілге тәржімалау былай тұрсын, сол шығарма дүниеге келген таңбадан басқа графикаға ауыстырса, бүтіндей жанр ретінде жоғалатынын дәлелдеп жатудың өзі артық. Мысалы ақын Абайдың:

Әлиф - дек ай йузіңа ғибрат еттім,

Би - бәләи дәртінә нисбат еттім,

Ти – тілімнен шығарып күллі әбийәт,

Си – сәнәи мәдхінә хұрмәт еттім.

Сондай-ақ шайыр Шәді Жәңгірұлының “Ахуал қиямат” атты шығармасындағы:

Білмекке өзімнің бәм ат нышанын,

Әбжәдтің есебімен айтай оны.



Үш жүзге бір мен төртті дахыл етіп,

Оқығын акырында қойып “йайды”, -

деген өлең жолдарындағы тек араб әріптерімен ғана жасалатын әліфләм және му’амма жанрларын өзге әліппеде жеткізу мүмкін емес. Себебі бұл аталмыш жанрлардың бар құдіреті – шығарма дүниеге келген араб әрпінде.

Бұдан басқа орта ғасырлық классикалық түркі шайырларын айтпағанның өзінде, XX ғасырдың басына дейін түркі жазба тілінде қалам тербеген, қазақ әдебиеті тарихында «кітаби ақындар» аталып жүрген бір топ шайырлардың шығармаларындағы шайырлық шеберліктер мен әдеби өрнектерді де басқа таңбаға көшірсе, бүтіндей көркемдігінен айырылатынын мына екі мысалдан аңғаруға болады. Түркі сөз өнерінің зергері Әлішер Науаи өзінің «Ләйлі-Мәжнүн» шығармасында қос ғашықтың ішкі сезімін арабтың екі әрпімен сәтті жеткізе білген.

Етгач, “әліф” қадын қылыб “дал”,

Мажнунни айағын өпті филхал.

Шайыр арабтың бірінші әрпі «әліф» ( ا ) арқылы Ләйлінің сұлу сымбатын, тік бойын суреттесе, ғашығын көрген кезде, сүйіктісінің алдында өзін ұстай алмай иіліп сәлем бергенін «дәлмен» ( د ) тамаша жеткізе білген. Шығыс мұсылман әдебиетінде «әліф» ( ا ) – сұлу сымбатты ғашықтың бейнесін сомдауда кеңінен қолданылса, кейде Жаратқанның жалғыздығын танытатын «таухидті» суреттеуде де жиі ұшырасады. Ал, «дәл» ( د ) – нәпсісін өлтірген, менмендіктен айырылған, бүтіндей Хаққа мойынсұнған пенденің тұлғасы. Сондай-ақ, руқұда тұрған ғәріптің құлшылығы.

Түркі жазба әдебиетіндегі осындай шайырлық шеберлікті XX ғасырда өмір сүрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да өз шығармаларында пайдаланып отырған. Мысалы:

Жапырақтың біреуі – “кәф”, біреуі “нун”,

Көңілді Хакка қойып, айталық шын...

Орнатып “кәф” жапырағын “нун” ға қойды,

Мас болып бір ноқатпен қарны тойды, -

Мәшһүр «кәф» ( ک ) пен «нун» ( ن ) әріптерінен образ жасап, «кәф» жапырағын «нун» ға қойды деп, қасиетті Құрандағы он сегіз мың әлемнің жаратылуына себеп болған «Кун» ( كُن )-ді меңзеп тұр. «Нун» ( ن ) – Мәшһүр Жүсіп шығармасында қанағатшылықтың символы ретінде берілген. Расында, арабтың басқа әріптері екі не үш нүктенің көмегімен жасалса, «ن» әрпі бір нүктемен ғана жазылады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар түркі жазба әдебиетінің өзіне ғана тән жанрлық және көркемдік ерекшелігінің бір парасы ғана... Мұндай шеберліктерді сөзбе-сөз тәржіма былай тұрсын, жәй ғана өзге

таңбалармен транскрипциялау да мүмкін емес. Классикалық түркі жазба жәдігерлерін асыл нұсқаның негізінде қайта шығару, біріншіден, шығарманы бар құндылығымен кейінгі ұрпаққа жеткізу қажеттілігінен туындаса, екіншіден, біздің заманымызға дейін жеткен мәтіндердің көпшілігін (тіпті бәрін) арнайы маманданбаған адамның оқуы қиынға соғады. Тіпті машықтанған мәтінтанушының өзі де іркілетін, тосылатын тұстар да аз емес. Себебі көне әдеби жәдігерлердің түпнұсқалары замана тезінен өтіп, әбден тозса, екіншіден, сол дәуірдің хаттатының қолтаңбасын тану тіптен қиын. Ислам өркениетінің аясында араб каллиграфиясының куфа, насталик, шекасте насталик секілді бірнеше түрлері қалыптасты. Орта Азияда негізінен насталик үлгісі кеңінен қолданылғанымен де, ара-арасында өзге үлгілермен де қалам тербеген хаттағтар болған. Сондықтан да көне әдеби жәдігердің факсимилиесін ғылым әлеміне дендеп еніп келе жатқан жас талаба тұрмақ, мәтінтанушының өзі ежіктеп оқитыны жасырын емес. Сол себепті де көнерген қолжазбаны бүгінгі күн тұрғысынан қайта «жаңғыртып», әр әрпі айшықталған қалпы компьютермен теріліп, ізденушінің назарына ұсынылса, шығарманы тәржімасы арқылы немесе туынды дүниеге келмеген басқа таңбада оқығанға қарағанда шынайы ғылымға біртабан жақындағандық болар еді. Оның үстіне елімізде енді-енді қалыптасып келе жатқан ежелгі әдебиетті зерттеушілерді, мәтінтанушыларды, түркологтарды дайындауда да мұндай әдістің көп септігі тиері анық. Орта ғасырлық әдеби жәдігерлерді түпнұсқа негізінде қайта шығару үлкен істің басы ғана. Алла қаласа, осы үлгінің негізінде оқулық, сөздік дайындау келешекте атқарылар үлкен бастаманың бірі болмақ.

\*\*\* \*\*

Назарларыңызға ұсынылып отырған қолдарыңыздағы кітап – Харазмидің “Махаббатнамасына” арналып отыр. Әдеби жәдігер ыжри 754, миләди жыл кайыруы бойынша 1353 жылы Сыр жағасында дүниеге келген. Муаллифі туралы толық дерек жоқ. Бүгінгі ғылымға оның тек Харазми деген тахаллуспен ғана қалам тербегені белгілі. Түрколог Ә.Нәжіп шығармадағы “Сүйінсін пенде Харазми Рауани” деген жолға сүйеніп, муаллифтің Рауани деген де тахаллусы болғанын айтады<sup>1</sup>. Сондай-ақ ол Харазми атты лақап аттың Хожәндидің “Ләтафат-намасында”, Сәйф Сараидың “Гүлістан бит-түркиінде” де кездесетіндігін жаза отырып, олардың “Махаббатна-

<sup>1</sup> Наджип Э.Н. Мухаббат-наме (Текст, транскрипция, перевод и исследование). Москва, 1961. 10-бетте.



матә" катысы болмады ма экен деген ой тастайды. Дөсөк те, орта фасырларда Харазм аймагында бір эмес, бирнеше фатым-туламатар мен акын-шайырлардын өмір сүргөндігін ескерсек, шығарма мұзалифи хакимдаты зерттеулер әлі де тереңірек қарастыруды қажет етеді анық.

"Махаббатнамада" Харазми бұған дейін парсы тілінде бірнеше туындылар жазғанын, оның шайырлық шеберлігін тани білген Ақ Орта әмірлерінің бірі – Қонырат руынан шыққан Мұхаммед Хожабек өз турағы шығарма жазып беруді өтінгенін, соның нәтижесінде осы жәдігердің дүниеге келгенін білдіреді. Осылайша өз заманының белгілі бектерінің бірінен тапсырыс алған акын шығармасын сол кездің шығыс мұсылман әдебиет үрдісіндегі "нама" дәстүрімен жазып шыққан. Туынды негізінен он бір хаттан және ар "наманың" арасында кездесетін бірнеше өлең-жырлардан (ғазал, мәнәун, фард, қытта) тұрады. "Махаббатнаманың" жалпы көлемі 473 бәйіттен, яғни 946 тармақтан тұрағанымен де, оның 156 бәйіті (312 тармақ) парсы тілінде жазылған. Парсы, түркі тілдерінде қатар қалам тербей білген акын сол дәуірде жиі кездесетін "ахли-сан" (қоспа) ақынлардың қатарынан саналған.

"Махаббатнаманың" алғаш нұсқаларын тапқан академик В.В.Бартольд. Ол 1914 жылы ғылыми сапармен Англияға барғанында Британия мұражайында сақталған араб арнайы "Ма-хаббатнаманы" (шаммен 1508-1509 жылдары жазылған) кездестірсе, 1922-1923 жылдары екінші сапарында сол мұзейден ұйтыр армен жазылған тағы бір нұсқаны тапқан. Соңғысы бүгінгі ғылымға белгілі ең көне нұсқа саналады. Бұл жәдігер 1432 (қижаң 835) жылы ережел айының басында Назд шаһарында Мансур есімді хаттап тарапынан көшірілген. Сондай-ақ, бұдан басқа араб арнайы тағы екі нұсқа білімбұлың. Ұлттық кітапханасынан табылған. Дөсөк те, соның екі нұсқа толық болмағандықтан да, қолдарыңыздағы кітап Британия мұражайындағы араб қолжазбасы негізінде дайындалып отыр.

Орта фасырларда дүниеге келген өзге әдеби жәдігерлерге қарағанда Харазми мұрасын зерттеуде айтарлықтай ғылыми жұмыстар атқарылған. В.В.Бартольд, А.Н.Самойлович, Дж. Кросон

Сонда, 11-бетте.  
Нежин Ә. Мұхаммед Хожабекті 1357-1359 жылдары Азия Орта билігі атынан Мәскеуге елші болып барған Хожабек Мұхаммед екеуі бір адам болуы мүмкіндігін жазды. Каравыт: "Культура и торкоязычыная литература миловококого Египта XIV века". Түркестан, 2004. 57-бетте.  
Бартольд В.В. Новая рукопись уйгурским шрифтом в Британском музее. – Доклады Российской Академии наук. Серия В. – II, 1924. Апрель-июнь. 57-58-66.

секилі фатымдармен басалған харазмитаушылар қатары бергін келе арта түсті. "Махаббатнаманы" зерттеуде ері орыс тіліне тәржімалауда А.М.Щербак,<sup>7</sup> Ә.Накин,<sup>8</sup> А.Старостин<sup>9</sup> сынды фатымдар көп еңбек сіңірді. Т.Жаңолов<sup>10</sup> "Махаббатнаманы" өзбек тіліне аударып, Ф.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов,<sup>11</sup> Л.Кенесбаев, Ә.Керімов<sup>12</sup> секілі тілші-фатымдар Харазми шығармасын тілдік тұрғыдан зерттей бұлт. Әсіресе, А.Қыраубаева,<sup>13</sup> Ә.Дербісалин, М.Жармұхамедов, Ә.Күмісбаев<sup>14</sup> сияқты фатымдардың осы саладағы ізденістерін акын мұрасын ұлттық дүниетаным тұрғысынан насихаттаудағы ерен еңбек дегуге болады. Сондай-ақ, бұл аталған фатымдардан басқа, "Махаббатнама" тұрағы зерттеулер түркі халықтарының әдебиет тарихына арнаптан томдарда, жекеленген фатымдардың монографияла-рында, сондай-ақ ғылыми бағылымдарда да бірнеше рет жарық көрді. Дөсөк те, бұл аталған зерттеулерде шығармалары ниәні фатымдықты зерттеуге қарағанда, бұл дүниенің мақсат мақсатын ниәні талдауда көп орын берілгені жасырын емес. Оған себеп, аға бұрын зерттеушілердің Ислам мәдениеті, тасаууф сұратары секілі діни мәселелерді жеті түсінбегендігі, түсінесе де белгілі себептерге байланысты ашып айтылмағаны деп ұжқан дұрыс. Себебі Харазми «Махаббатнамаасының» бар құндылығы – илаңи фатымдықтың сырларымен көмкерілгендігінде жатыр.

"Махаббатнамадағы" әуелі, Азия атына, пайғамбар затына айтылған ұлықтау-мәліктәулар мен шығарма соңында Жаратушыға жалбарынап мінәжаттан шығарманың композициялық құрылымы-Самойлович А.Н. К истории литературы средневековостого-турецкого языка. – В кн.: Мир-Али-Шер, Москва, 1928. 1-23-66.  
Glasson G.F. Nihilto inkown Turkish Manuscript in "Pigrit" Characters // Journal of the Royal Asiatic Society, London, 1928. –99-130.  
Щербак А.М. Огуз-наме. Мұхаббат-наме. Памятники древне-уйгурской и старобузбекской письменности. Москва, 1959. –171-6.  
Нажин Ә.Н. Мұхаббат-наме (Текст, транскрипция, перевод и исследование). Москва, 1961. –275-6.  
Хорезми. Книга о любви //Перевод со старобузбекского, предисловие и примечание А.Старостина. Ташкент, 1962. –790-6.  
Хоразми. Мұхаббатнома. Наштра таарловачи Т.Жаңолов. Топкент, 1959. –70-6.  
Айдаров Ф., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971. –272-6.  
Кенесбаев Л., Керімов Ә. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981.  
Хорезми. Махаббатнама. Аударған А.Қыраубаева. Алматы, 1985.  
Огуз-наме. Мұхаббат-наме /Текстерді баспаға дайында, қазақ тіліне ауда және қазақ әдебиетінен байланысты туралы зерттеу мақалаларды жазған Ә.Дербісалин, М.Жармұхамедов, Ә.Күмісбаев. А., 1986.



ның сол дәуірдің әдеби тынысына толығымен бағынғанын аңғарсақ, ақынның ғашық пен мағшұқ бейнесін суреттеу арқылы ұлы махаббат тақырыбын сәтті аша білгенінің куәсі боламыз. Екі ғашықтың арасында бір-біріне жолданған наз-тілектер мен ішкі сезімдердің астарланып, жұмбақталып берілуі, кейде арнайы ұғымдармен көмкерілуі, автор көтерген мәселенің басты ұстыны иләһи ғашықтықта жатқандығынан хабар береді. Онысы түсінікті де. Себебі ақын өмір сүрген кезең, яғни XIV ғасырдағы діни үгіт-насихат, негізінен, сопылық дүниетаным тұрғысындағы тарикаттар тарапынан жүргізіліп, қоғамдағы шайқы мен дәруіштердің орны нақтыланған уақыт болатын. Тасаууф саласына қатысты жазылған еңбектердің басым бөлігі де осы кезеңге тиесілі екендігі белгілі. Өз заманының жырын жырлаған Харазмидің де тарикат тізгінін ұстамаса да, белгілі бір дәрежеде осы іліммен нәпсі тәрбиелегенін аңғару қиын емес. Олай деуімізге себеп, ақынның шығарма соңында өзінің хәлін баяндап:

خرايت ايچره مسجده يريم بار  
كيم اوش هم رندمين هم پارسامين

деген жолдар мысал бола алады. Ол «Харабат ішінде ... жерім бар, ... рендпін ыәм парсамын», деп өзінің жағдайынан хабар береді. Осындағы «харабат», «ренд» және «парса» сөздерінің сопылық дүниетанымда өзіндік терең мәнге ие екендігі белгілі:

Харабат – сөздікте қираған, бұзылған жер деген мағына бергенімен де, сопылық дүниетанымда «шарапхана», «мейхана» деген ұғымдарға ие. Сондай-ақ, сопының бүтіндей фәна болуы да харабат деп аталады. Ал, сопылықтағы шарап пен мейдің ғашықтық шарабы екенін ескерсек, «шарапхана», «мейхана» дегеніміз сопының Жаратушымен қауышатын, нәпсі тәрбиелейтін орны болмақ. Сондықтан да Харазми өз шығармасының бірнеше жерінде көңілдегі қайғы-мұңды шараппен жууды ұсынады. Оны кейде «мей», «баде» деп берсе, кейбір жерде «жам» деген ұғыммен жеткізеді. Әр хаттың соңында келіп отыратын үш-төрт бәйітті мәснәуиде қайталанып келіп отыратын «сақядан шарап сұрау» жолдары шайыр жүрегінің ғашықтық шарабына қаншалықты ынтықтығын көрсетсе, сонымен бірге ақын бойына қуат, иләһамына шабыт беретін рухани күшке айналған.

Ал, ренд дегеніміз, діни түсінік бойынша шарифат шарттарынан біле-тұра бас тарту, яғни ертеңгі күнгі жауапкершілігін білсе де, Жаратушының амалдарын орындамау болса, сопылық дүниетанымда ғашықтық жолына түскен жанның бұл дүниенің алдамшы қызықтарынан қашып, тәркідүниелікке салынуы. Парса – күнәлі істерден бойын аулақ ұстау, шынайы діндарлық деген мағына береді.

Осындай рухани кемелдікке кенеліп, нәпсі тәрбиелеудің жолына түскен шайыр өзінің айтар ойын өлең сөзбен өрнектеп қана қоймастан, сонымен бірге өзінің сопылықтағы қай дәрежеде екенін де айтып өтеді. Харабат пен рендке кадам басып, парсалыққа тырысқан ақын шығармасының сопылық мәнге құрылуы, Алла мен пенде арасындағы ғашықтықтан, иләһи сырдан хабар беруінің мәні осында жатыр.

Әдетте, сопылық әдебиеттің басты ерекшеліктерінің қатарында, әуелі шығарманың идея-тематикалық жағынан ақынның иләһи ғашықтығы, яғни Жаратушының жамалына деген ынтықтығы бірінші кезекте тұрса, екінші, ондағы образдар мен сюжеттер, арнайы атаулар мен терминдер арқылы жүзеге асады. Шығыс мұсылман әдебиетінде, соның ішінде классикалық түркі жазба жәдігерлерінде кеңінен қолданылған сопылық терминдер (зікір, тарикат, мағрипат, шарифат, хақиқат, сама, суфи, тәуәккул, сұхбат, захир, батин, фәнәфилла, халқа және т.б.) мен символдық, яғни шартты түрде берілетін атаулар (саки, мей, мейхана, шарап, гүл мен бұлбұл, ләйлі-мәжнүн, жәми жәм, шам мен пәруана) терең ыәм астарлы мәнге ие болып, өзіндік терминлер жүйесін құрайды. «Махаббатнамада» да сопылық астары бар саки, жәми жәм, пәруана (көбелек) мен шам, гүл мен бұлбұл секілді бірнеше образдар кездесіп отырады. Мысалы:

اگر پروانه جان بر کف ندارد  
بگرد شمع گردیدن ندارد

Немесе:

جهاندا سلطنت قول لار بيلا خوش  
چمن نيك گل لار ي بلبل بيلا خوش

Бірінші өлең жолдарындағы көбелек (пәруанә) мен шам, екінші бәйіттегі бұлбұл мен гүл секілді ұғымдардың мажәзи (дүниелік) ғашықтыққа карағанда, мистикалық жағы басым. Көбелектің шамға, бұлбұлдың гүлге ынтықтығының астарында пенде мен Жаратушы арасындағы қарым-қатынас суреттелген.

Харазми де өзге сопы шайырлар секілді ғашық ақын. Ол осы жолда бақ пен бостандарда ұшып сайрағысы (Сенің ышқыңда сайрарға Харазми, Бүгін әлемде бір бостан жоқ, ей жан), ғашықтықта бүтіндей жоқ болғысы келеді (Сенің ышқыңда Харазми жоғалды). Мұндай жолда ғашық болу – кез-келген сопының арманы. Себебі ғашықтық жолдың жемісі – фәна, яғни негізгі ақиқатқа жеткізеді.

کرشمه بيرا عاشق اولتوروز سيز  
سيز اولتورگان کيشي اولکايمو هر گز

Немесе:

بیز نيك مذهب تا عاشقلارني سيز لار  
اگر اولتورسانکيز تاوان يوق اي جان



деп жырлайды Харазми. Мұнда сопылық шарттардың бірі – өлместен бұрын өл, қағидасы берілген. “Муту қаблә ән тәму-ту”, яғни “Өлместен бұрын өл” деген – Алла жолында ыауаи нәпсіні өлтіру, фәни дүниенің алдамшы нәрселерінен бас тарту. Себебі іштегі нәпсі өлмейінше, сопы ғашық болмайды. Осы жолда сопылар Жаратқанның жіберген кез-келген сынағына төзуге де дайын (Жападан еңіремес бұл жолда ғашықтар).

Сопылық жолдағы махаббат – сыр. Иасауи, Бақырғани, Аттар, Мәуләуи секілді Хаққа ғашықтардың бәрі де махаббаттың сыр екенін жырлаған. Харазми де Мұхаммед пайғамбардың махаббатпен Алланың сүйіктісіне айналғанын айта келе:

محبت تين توغار مينگ تورلي اسرار  
كونكول اسراريني جان بيرله اسرار

яғни «Махаббаттан туады мың түрлі әсрар (сырлар), Көңіл әсрарын жан бірлә асырар», - деп, махаббаттың түбі сыр екенін жазады.

Харазмидің «Махаббатнамасында» таза сопылық шығармалардағыдай тарикат пен хақиқат мәселелері ашып айтылмағанымен де, іштей сопылық астар алған. Ақынның сұлу сымбатты суреттеуінің астарында Хақтың жамалы жасырынған. Мұндай шығармалар сопылық әдебиетте мазхар деп аталады. Мұндай әдеби жәдігерлерде ақынның негізгі айтар ойы тұспалданып, барынша астарланып беріледі. Осы жәдігерді діни тұрғыдан зерттей білген А.Ахметбекова: “Егер де Хорезмидің “Мухаббатнаме” дастанын сопылық әдебиет тұрғысында талдасақ, ақын шығармашылығының жабулы жатқан жана қырлары ашылары сөзсіз,” – деп, ақын мұрасының бар сыры сопылық дүниетанымда жатқанын жазған<sup>15</sup>. Сондықтан да Харазми шығармасындағы ұғымдар мен атаулардың түпкі мәнін жете меңгерместен, ақынның айтпақ ойын түсіну тіптен мүмкін емес.

Орта ғасырлық түркі жазба әдебиетінің бар құндылығы осында десек артық айтқандық болмас...

<sup>15</sup>Ахметбекова А. “Мухаббатнаме” дастанының сопылық мәні //ҚазҰУ-нің хабаршысы. Шығыстану сериясы, №1(18). Алматы, 2002. 35-39-бб.

арабша	латынша	кирилше	арабша	латынша	кирилше
ا	Aa, Ää	Аа, Әә	ض	Zz	Зз
ب	Bb, Pp	Бб, Пп	ط	Tt	Тт
پ	Pp	Пп	ظ	Zz	Зз
ت	Tt	Тт	ع		
ث	Ss	Сс	غ	Gg	Гг
ج	Cc	Жж	ف	Ff	Фф
چ	Çç	Чч	ق	Qq	Ққ
ح	Hh	Һһ	ك	Kk, Gg, Nn	Кк, Гг, Нн
خ	Xx	Хх	گ	Gg	Гг
د	Dd	Дд	ك	Nñ	Њң
ذ	Zz	Зз	ل	Ll	Лл
ر	Rr	Рр	م	Mm	Мм
ز	Zz	Зз	ن	Nn	Нн
ژ	Jj	Жж	ه	Hh	Һһ
س	Ss	Сс	و	Vv, Ww, Uu, Üü, Oo,Öö	Вв, Уу, Үү, Үү, Оо, Өө
ش	Şş	Шш	ی	Yy, İi, Ii	Йй, Ии, İi
ص	Ss	Сс			

## МАЗМҰНЫ

Аңдатпа .....	3
Muhäbbätname. بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ (латын және араб әріптерімен берілген нұсқалары) .....	12
Түсіндірме сөздік .....	49
Есімдер көрсеткіші .....	90
Жағрафиялық атаулар .....	91
Мәтінде кездесетін кейбір сөздердің мағыналары .....	91

## ХАРАЗМИ

### МАХАББАТНАМА

*(Мәтін, транскрипция)*

Корректоры: Р.Әмет  
Техникалық редакторы: Ж.Ахметова

Кітап Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тұран» баспаханасында көбейтілді.

Нішімі:  
6 баспа табақ. Тиражымы 300 дана.  
Ташкент.